

Қызылсу орта мектебінде өткізілген
«Қамқоршылық кеңес» отырысының
№1 ХАТТАМАСЫ

Өтілген күні: 25.01.2024ж

Қызылсу орта мектебі

Қатысқандар:

1. Биржанов Қ.С. - қамқоршылық кеңестің төрағасы
2. Темирова Ж.К. - қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары
3. Ермагамбетов Ж. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
4. Боранбаева Г.Х. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
5. Коңырова С. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
6. Алпысбаев Қ.Р. - қамқоршылық кеңестің мүшесі
7. Купжасаров Р.Е. - қамқоршылық кеңестің мүшесі

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Кеңес мүшелері құрамын қайта бекіту туралы.
2. Мектеп директорының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы есебі
3. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту туралы
4. «**Мектепке жол**» акциясы барысында аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларына көмек көрсету

Тыңдалды:

1. **Бірінші мәселе бойынша**, қамқоршылық кеңес төрағасы Биржанов Қ.С. сөз алып, жұмысына байланысты қамқоршылық кеңес мүшелерін таныстырды. Қамқоршылық кеңес мүшелері бірауыздан қолдап, қарсы еместіктерін білдіріп, өз келісімдерін берді.

2023 жылғы қыркүйек айынан бастап кеңес төрағасы, мүшелері өзгеріссіз қалатындығы туралы айтылды.

2. **Екінші мәселе бойынша** мектеп директоры А.С. Сагидуллин 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстары туралы және бюджеттен бөлінген материалдық-техникалық база жөнінде есеп берді.

Ол өз сөзінде, өткен оқу жылындағы ұстаздар мен оқушылардың жеткен жетістіктеріне, ҰБТ көрсеткішіне және мектеп мұғалімдерінің сапалық құрамына жете тоқталып өтті. Сонымен қатар, мектептің материалдық базасына білім бөлімінен берілген заттарды кесте түрінде көрсетіп, 2023 жылға арналған қаржылық жоспармен таныстырып өтті. Оқушыларға арналған әжетхана мектеп ішіне орнатылғандығы, өрт қауіпсіздігіне арналған дабыл қаққыш мектеп ғимаратының барлық жеріне орнатылғандығы жайлы айтып өтті. Қайырымдылық акциялар кезінде 8 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдары мен мектеп формалары демеушілер тарапынан ұйымдастырылған қаржы негізінде тарту етілгенін атап өтті.

3. **Үшінші мәселе бойынша**, қамқоршылық кеңес хатшысы 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарымен және отырыс жоспарымен таныстырды. Кеңес мүшелері бірауыздан келісімдерін берді.

4. **Төртінші мәселе бойынша** әлеуметтік педагог А.Н. Дихамбаева: «**Мектепке жол**» акциясы барысында арнайы жұмыс жоспары жасалынды. Көмекке мұқтаж балалардың

дерек қорын қалыптастыру үшін үйлерді аралап, тексерулер жүргізілді. Мектеп бойынша аз қамтылған, көп балалы отбасы балалары анықталдып, тізімі жасалынып, бекітілді. Мектепте аз қамтылған, көп балалы отбасы балалар саны-12. Атаулы көмек алатындар жоқ. Акция барысында кәсіпкерлерге хат жолданды. Жолданған хаттар негізінде кәсіпкерлер мен мектеп мұғалімдері демеушілік танытты. Жалпы соммасы-22000(екі жүз жиырма мың) теңге көлемінде түскен қаржыға оқушыларға киім-кешек, оқу-құралдар алынып берілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе кеңес мүшелері келесідей шешім қабылдайды.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңес құрамына сайланған тұлғалар кеңес төрағалығына, кеңес мүшелігіне қалдырылсын.

2. Мектеп директоры А.С. Сагидуллин 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмысының есебі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

2) Қамқоршылық кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын қадағалау мен бақылау кеңес мүшелері мен кеңес төрағасы Қ.С. Биржановқа жүктелінсін.

2. «Мектепке жол» акциясы барысында аз қамтылған, көп балалы отбасының балалары үнемі назарда болып, көмек көрсету жұмыстары жандандырылсын.

Төраға:  Биржанов Қ.С - қамқоршылық кеңестің төрағасы
Хатшы:  Утеуова А.ІІ

2. Темирова Ж.К - қамқоршылық кеңестің төраға орынбасары 

3. Ермағамбетов Ж. - қамқоршылық кеңестің мүшесі 

4. Боранбаева Г.Х - қамқоршылық кеңестің мүшесі 

5. Қонырова С - қамқоршылық кеңестің мүшесі 

6. Алпысбаев Қ.Р - қамқоршылық кеңестің мүшесі 

7. Купжасаров Р.Е - қамқоршылық кеңестің мүшесі 